

АНДАТПА

Казиева Aidанын

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін тақырыбындағы диссертациясына

Зерттеу тақырыбы: «Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық шарттары»

Зерттеудің мақсаты: студенттердің қысымға төзімділігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу, зерттеу мәселесінің аясында ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен авторлық бағдарламалардың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент негізінде тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастыруда теориялық және практикалық алғышарттарды негіздеу;

2. Студенттердің психологиялық денсаулығын қалыптастыру жағдайында «қысымға төзімділік» терминінің заманауи түсінігін нақтылау;

3. Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу. Модельдің ережелеріне сүйене отырып, компоненттерді, көрсеткіштерді, деңгейлерді анықтау;

4. Студенттерде қысымға төзімділік компоненттерінің өзара байланысын айқындау (когнитивті, коммуникативті, мінез-құлық, әлеуметтік), бірінші курс студенттерінің жас ерекшеліктеріне қарай қысымға төзімділік көрсеткіштерін анықтау;

5. Ұсынылған іс-әрекет жүйесін тәжірибелік-эксперименттен өткізу және әзірленген модель мен арнайы бағдарламалардың негізінде бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігінің сапалық өзгеру деңгейін анықтау.

Зерттеу әдістері. Теориялық: психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау; диагностикалық: К.Решкенің экспресс-тесті; С. М. Киров атындағы Санкт – Петербург әскери – медициналық академиясында әзірленген «Болжау» әдістемесі; AVEM сауалнамасы (Arbeitsbezogenes Verhaltens und Erlebensmuster), У. Шааршмидт, А. Фишер, әзірлеген, Т. Ронгинский бейімдеген, PCI проактивті күресу мінез-құлық сауалнамасы (ағыл. Proactive Coping Inventory), Greenglas, Schwarzer & Taubert әзірлеген, Е. С. Старченкова бейімдеген әдістемелер.

Статистикалық деректерді өңдеуде: Студенттің параметрлік айырмашылық t критерийі, Спирмен корреляциясының дәреже коэффициенті және статистикалық айырмашылық критерийі G белгілерінің критерийі. Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу үшін "SPSS 23.0" нұсқасында "Statistical package for the Social Science" статистикалық бағдарламалар пакеті қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар)

1. Қысымға төзімділік – бұл мінез-құлық, коммуникативті, когнитивтік және әлеуметтік компоненттердің оңтайлы үйлесімімен сипатталатын, олардың бірігіп оқу іс-әрекетінде стресске төзімділік пен қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін құрайтын адамның динамикалық, интегративті сапасы.

Қысымға төзімділіктің құрамдас бөліктері болып келесі көрсеткіштер жиынтығының мазмұндық сипаттамалары айқындалады: мінез-құлықтық, коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік.

2. Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігінің қалыптасуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттар:

психологиялық: студенттердің психологиялық денсаулығын дамытуға бағытталған пропедевтикалық іс-шараларды ұйымдастыру; қысым тудырған жағдайлардан шығу тетіктерін іске асыру; жеке тұлғаның психологиялық ресурстарын өзектендіру және белсендіру; бакалаврларды даярлауға бағытталған білім беру үрдісіне қысымды басқару стратегияларын енгізу;

педагогикалық: студенттердің қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, қысымға төзімділікті қалыптастыру бағдарламаларын жасаумен; студентке бағдарланған, денсаулық сақтау, қысымға төзімділік технологияларын іске асыру, кәсіптің кәсіби құзыреттіліктерін меңгеруге ынталандыру; білім алушылардың қысымға төзімділік деңгейін арттыру үшін профессор-оқытушы құрамының (ПОҚ) тиімді мінез-құлық стратегияларын қолдануы; салауатты өмір салтына бағдарланған жоғары оқу орнының ортасын құру;

3. Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі: мақсаттылық, мазмұндық-процессуалдық, ұйымдастырушылық-технологиялық және бағалау блоктарының тұтастығымен; бірінші курс студенттерінің жас және жеке ерекшеліктері есерілген қысымға төзімділік шарттарының іске асырылуымен қамтамасыздандырылады;

4. 17 және 18 жастағы студенттерінің қысымға төзімділік көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылықтары мен қысымға төзімділік компоненттерінің (мінез-құлықтық, қарым-қатынастық, танымдық және әлеуметтік) өзара байланысы айқындалды; қысым көрсеткіштерінің қалыптасу деңгейлерінде, қысымға төзімділік, оны жеңу деңгейі, қалыптастыру экспериментті кезеңіндегі академиялық үлгеріміне сәйкестігінде айтарлықтай айырмашылық бар екендігі анықталды;

5. Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділік деңгейінің жоғарылау динамикасы психологиялық-педагогикалық жағдайларға және бірінші курс студенттерінің қысым жағдайын басқарудың авторлық және цифрлық бағдарламаларына негізделген құрылымдық-мазмұндық модельді қолданудың тиімділігіне байланысты.

Зерттеудің негізгі нәтижелері сипаттамасы:

- теориялық және практикалық дереккөздерді тұжырымдамалық талдау негізінде студент жастардың психологиялық денсаулығы тұрғысынан «Қысымға төзімділік» ұғымына авторлық анықтама берілді;

- бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып, ғылыми тұрғыда негізделді;

-қысымға төзімділіктің маңызды компоненттері және жоғарғы оқу орнының білім беру ортасында бірінші курс студенттеріне қысым туғызатын факторлар анықталды;

-бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі мақсаттық, мазмұндық-процессуалдық, ұйымдастырушылық-технологиялық және бағалау блоктарының тұтас қызметімен дәлелденді;

- авторлық және «Қысымды басқару» атты цифрлық бағдарламасы, ұсынылған жаттығулар мен психологиялық тренингтер кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі бойынша «Қысымға төзімділік» ұғымы тұлғаның негізгі бастапқы категориясына жататындығымен анықталады.

Шетелдік және отандық зерттеулерге салыстырмалы талдау жүргізе отырып, біз «Бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін - мінез-құлықтық, қарым-қатынастық, танымдық және әлеуметтік компоненттері оңтайлы үйлесім тапқан тұлғаның динамикалық, интегративті сапасы ретінде сипаттаймыз, бұлар оқу іс-әрекетінде қысымға төзімділік пен қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін тудырады.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі нақты педагогикалық шарттарды (студенттердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, қысымға төзімділікті қалыптастыру бағдарламасы әзірленді; қысымға төзімділікті қалыптастыратындай, кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге ынталандыратындай аторлық және цифрлық бағдарламалардың іске асырылуы; психологиялық жағдайлар (қысым тудыратын жағдайлардан шығу тетіктерінің іске асырылуы; тұлғаның психологиялық ресурстарының жандандырылуы; бакалаврларды оқуға даярлау үрлісінде қысымды басқару стратегияларының енділілуі) анықтаумен расталынды.

Бұл қажеттіліктер қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру кеңістігінде анықталмағандығымен, нәтижесінде бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары қолданылмағандығымен түсіндіріледі.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеу логикасымен және бірінші курс студенттерінің қысымға төзімділігін табысты қалыптастыруға ықпал ететіндей олардың жас, жеке ерекшеліктерін ескерумен, психологиялық-педагогикалық шарттармен қамтамасыз етілген қысымға төзімділікті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен қол жеткізілген.

Әзірленген модель қысымға төзімділіктің анықталған факторлары (қысым деңгейлерімен, оқу жетістіктерімен, қысыммен белсенді күресумен) арқылы жүзеге асырылған.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі салыстырмалы талдау негізінде 17 және 18 жастағы студенттердің қысымға төзімділік көрсеткіштерінің (салауатты өмір салты, белсенділік, мінез-құлықтың тиімді бағыттары, ойдың логикалық көрінісі, қысым жағдайында вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың үйлесімділігі, релаксацияға қабілеттілік, қысым тудыратын жағдайларынан аулақ болу, сәйкестендіре алу, идеалды «Мен» мен шынайы «Меннің» арасындағы сәйкестік, позитивті ойлау, позитивті бағалау) арасында айырмашылықтардың қысымға төзімділік компоненттерінмен (мінез-құлықтық, қарым-қатынастық, танымдық және әлеуметтік) өзара байланыстылығын анықтаумен дәлелденгендігінде.

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі ішкі және сыртқы ресурстарды дамытуға бағытталған авторлық және «Қысымды басқару» атты цифрлық бағдарламаларын әзірлеумен расталады. Сонымен қатар студенттердің қысымға төзімділігінің төмен деңгейін жоғарлату үшін олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып анықталған қысымға төзімділікті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен оның құрылымдық-мазмұндық моделін тәжірибеде тексеру барысында оң нәтижелер алумен, зерттеу нәтижелерін ғылыми-практикалық конференцияларда апробациялаумен дәлелденген.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

«Сапалы білім», «Білімді ұлт» ұлттық жобасында Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, болашақ мамандардың денсаулық сақтау құзыреттілігі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі бағдары ретінде стратегиялық көрсеткіштерге айналуы тиіс екендігі туралы айтылған.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасының нысаналы бағыттары студенттер үшін «Салауатты университеттерді» ілгерілету болып табылады, бұл өз кезегінде жоғары оқу орындары қауымдастығының алдына қазіргі студенттердің қысымға төзімділік деңгейін кешенді зерттеу арқылы оларды шешуді алға тартып отыр.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында студенттері мен қызметкерлерінің эмоционалдық әл-ауқатын сақтау мақсатында университеттердің қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалын құру қажеттігі және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызметтер жетілдірілетіні көрсетілген. Берілген құжатта студенттердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін физикалық және виртуалды кеңістік құру қажеттігі ерекше аталады.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 7 ғылыми еңбекте көрсетілген: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі саласындағы бақылау комитеті ұсынған 4 ғылыми басылымда; «Scopus» дерекқорына

кіретін 1 ғылыми басылымда, хирш индексі-1; 1 шетелдік ғылыми конференцияда; 1 халықаралық ғылыми конференцияда:

1.. E-learning challenge studying the COVID-19 pandemic//International Journal of Educational Management. - 2021.- Vol.35, № 7, pp. 1492-1503. (Бірлескен авторлар: Koryakov A., Garnova N., Glushkov S. докторант үлесі 80%). Мақалада қысымға төзімділікті қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперимент барысы сипатталған.

2. Theoretical overview of the stress resistnse issue//Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика және психология» Ғылыми-әдістемелік журнал.- Алматы.-2017.- №4 (33).- Б.13-16 ISSN 2077-6861. (докторанттың үлесі 100%). Мақалада стресске төзімділіктің теориялық аспектілері ашылады.

3. Взаимосвязь модели салютогенеза со стрессоустойчивости // Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика және психология» Ғылыми-әдістемелік журнал.-Алматы.-2017.-№4 (33).- Б.96-101 ISSN 2077- 6861 (Бірлескен автор: Гарбер А.И. докторанттың үлесі 80%). Бұл мақалада салютогенез теориясының қысымға төзімділікпен байланысының ерекшеліктері ашылған.

4. Анализ понятий стресса и стрессоустойчивости в современном мире // Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика және психология» Ғылыми-әдістемелік журнал.-Алматы.-2018.-N1 (34).- Б.19- 23 ISSN 2077-6861. (докторанттың үлесі 100%). Бұл мақалада қысым және қысымға төзімділік ұғымдары талданған.

5. «Теория «диспозиционного оптимизма» и стрессоустойчивость личности» // Абай атындағы ҚазҰПУ «Психология» СЕРИЯСЫ.- Алматы.- 2017.-№3 (52).- Б.178-181 ISSN 1728-7847. (докторанттың үлесі 100%). Бұл мақалада диспозициялық оптимизм теориясының қысымға төзімділікпен байланысының ерекшеліктері ашылған.

6. Relationship of achievement motivation with personality factors in neurotic, stress-related and somatoform disorders // 5thInternational multidisciplinary scientific conference on social sciences and arts. – 2018, Iss.3.2-.369-376 б (O. Tapalova, N. Zhiyenbayeva докторанттың үлесі 80%). Бұл мақалада қысымға төзімділікті қалыптастыруға бағытталған эксперименттік зерттеудің талдауы ұсынылған.

7. Psychological and pedagogical conditions for the development of stress resistance of first-year students// Menschen unter Belastung Wissenschaftliche Tagung. Marz 2018 in Leipzig. Editor: Konrad Reschke. – 2022, -259-266 бб. (докторанттың үлесі 100%). Бұл мақалада бірінші курс студенттерінде қысымға төзімділікті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары талданған.